



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2020 жылғы 19 ақпандағы № ДС-52

Құрметті депутаттар!

Сіздердің мектеп кітапханашыларының мәртебесін айқындау, ақы төлеу және кезекті еңбек демалысы кезеңін ұлғайту мәселелері бойынша сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Қазіргі уақытта еліміздің мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерінде 4988 кітапханашы жұмыс істейді.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес педагог - педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Осыған байланысты мектептегі кітапханашылардың жұмысы педагогикалық қызметке емес, мәдени-ағартушылық қызметке жатады, олар педагог қызметкерлерге теңестірілмейді, сондықтан ұзақтығы 56 күн болатын еңбек демалысын ала алмайды және еңбекақысына үстеме ақы берілмейді.

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен¹ (бұдан әрі – қаулы) реттеледі.

Осы қаулыға сәйкес тиісті қызмет саласындағы уәкілетті органдар еңбек бойынша уәкілетті органдардың келісімі бойынша лауазымдық еңбекақысын есептеу үшін қызметшінің коэффициенттерді қолдану арқылы лауазымдық еңбекақы мөлшері айқындалатынын есепке ала отырып, тиісті қызмет салалары бойынша азаматтық қызметшілердің лауазымдық тізілімін бекітеді.

Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізіліміне² сәйкес кітапханашылар әкімшілік персоналдарына жатады (С2 және С3 блоктарына біліктілік деңгейлеріне қарай).

¹ «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы.

² «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығы

Бұл ретте әкімшілік қызметкерлердің, қосалқы персоналдардың (*С және D блоктары*), оның ішінде мектепте жұмыс істейтін кітапханашылардың еңбекақысы 2019 жылы екі рет көтерілген (*1 қаңтардан бастап – ең төменгі еңбекақының өсуіне байланысты және 1 маусымнан бастап – Қазақстан Республикасының Президентінің тапсырмасы бойынша орташа есеппен 30 %-ке*).

Осылайша Үкімет нақты қаржы-экономикалық мүмкіндіктерге сүйене отырып, бюджет саласының барлық қызметкерлерінің еңбекақы деңгейін көтеру жөнінде дәйекті шараларды қабылдауда.

Жалпы алғанда Сіздердің көтеріп отырған мәселелеріңіз үнемі Үкіметтің бақылауында.

А. Мамин

Орындаушы: Абдрахимов Н.Е.
Тел.: 745410

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

На № ДЗ-52 от 19 февраля 2020 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш запрос по вопросам определения статуса, оплаты и увеличения периода очередного трудового отпуска школьных библиотекарей, сообщаем следующее.

В настоящее время в государственных общеобразовательных школах страны работают 4 988 библиотекарей.

В соответствии со статьей 1 Закона Республики Казахстан «Об образовании» педагог – лицо, имеющее педагогическое или иное профессиональное образование по соответствующему профилю и осуществляющее профессиональную деятельность педагога по обучению и воспитанию обучающихся и (или) воспитанников, методическому сопровождению или организации образовательной деятельности.

В связи с тем, что работа библиотекарей в школах относится к культурно-просветительской, а не к педагогической деятельности, они не могут быть приравнены к педагогическим работникам, иметь трудовой отпуск продолжительностью 56 дней и получать надбавки к заработной плате.

Оплата труда гражданских служащих, работников государственных учреждений и казенных предприятий, регламентируется постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года №1193³ (далее – постановление).

В соответствии с данным постановлением, уполномоченными органами соответствующих сфер деятельности, по согласованию с уполномоченным государственным органом по труду, утверждаются реестры должностей гражданских служащих по соответствующим сферам деятельности, с учетом которых путем применения коэффициентов для исчисления должностных окладов определяется размер должностного оклада работника.

Согласно Реестру должностей гражданских служащих в сфере образования и науки⁴, библиотекари школ относятся к административному персоналу (в зависимости от уровня квалификации к блокам С2 и С3).

При этом, работникам административного, вспомогательного персоналов (блок С и D), в том числе и библиотекарям, работающим в школах, заработная плата была увеличена два раза в 2019 году (*с 1 января - в связи с ростом размера минимальной заработной платы и с 1 июня по поручению Президента Республики Казахстан в среднем до 30%*).

³ Постановление Правительства РК от 31 декабря 2015 года №1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий».

⁴ Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 29 января 2016 года №123 «Об утверждении Реестра должностей гражданских служащих в сфере образования и науки»

Таким образом, Правительство исходя из реальных финансово-экономических возможностей принимает последовательные меры по повышению уровня заработной платы всех работников бюджетной сферы.

В целом, поднимаемые Вами вопросы находятся на постоянном контроле Правительства.

А. Мамин

Исп.: Абдрахимов Н.Е.
Тел.: 745410